

Жұлдыздар
отбасы

№10 (46) Маусым 2012 жыл

NEW

АНЫЗ адам

*Ұлт
мақтаншысы*

**Қазақтың
бұлбұл
әншісі**

КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА
(1912—1957)



– Аға, өзіңіз басқарып отырған мектеп-интернат қазақтың бұлбұл қызы Күләш Байсейітованың есімін қай уақыттан бері иеленіп келеді?

– Мектеп-интернат 1948 жылы ашылған. Ал 1957 жылы Күләш Байсейітова өмірден өткеннен кейін үкіметтің арнайы қаулысымен мектепке бұлбұл әншінің аты беріледі.

– Оқу орындарыңызда Күләш Байсейітованы еске алу шаралары өтіп тұра ма?

– 2011-2012 жылғы оқу жылында Күләш Байсейітованың туғанына 100 жыл толуына байланысты мектебімізде көптеген шаралар ұйымдастырылды (мен биылғы оқу жылын ғана айтып отырмын). 2012 жылдың 14 сәуірінде Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов мырза, Бостандық ауданының әкімі Зәуреш Аманжолова ханымның қатысуымен мектеп ауласына орнатылған К. Байсейітованың ескерткішінің салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті. Бұл – Қазақстандағы тұңғыш ескерткіш. Осыған орай мектебіміздегі барлық бөлімдер Күләш апамызға арналған байқаулар өткізді.

Ал 16 сәуір күні Күләш апамыздың өмірі және өнер жолына арналған халықаралық конференция өткіздік. Онда Ресей, Өзбекстан, Қазақстанның музыкалық оқу орындарының ғалымдары баяндамалар оқыды.

Қала әкімі А. Есімов мырза арнайы жарлығымен биылғы жылды мәдениет жылы деп атап отыр. Сонын

Оңдасын АБДУЛЛАЕВ,

«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесінің директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

МЕКТЕП АУЛАСЫНДАҒЫ КҮЛӘШ АПАМЫЗДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ЕСКЕРТКІШ

шеңберінде Алматыда осы жылдың 17 сәуірінде Күләш Байсейітова өмірінің соңына дейін қызмет еткен Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының сахнасында салтанатты кеш өткіздік. Кеш барысында мектебіміздің барлық бөлімдері өздерінің есеп беру нөмірлерін халыққа ұсынды. Сондай-ақ Күләш апамыздың 100 жылдық мерейтойына арнап күнтізбе шығардық. Онда мектептің жетістіктері түгел камтып жазылған.

Жыл сайын оқу жылы аяқталатын 25 мамырда үздік оқушыларды Алматы қаласындағы Райымбек даңғылы бойында орналасқан Орталық қорымдағы Күләш Байсейітованың зиратына ертіп барамыз. Әншіге арнап гүл шоқтарын қойып, тағзым етіп, зират манын тазарту жұмыстарын ұйымдастырамыз. Жаңа оқу жылы басталарда да осы шараны өткіземіз. Күләш Байсейітованың қыздары Раушан мен Қарлығаш мектепке жиі келіп, Күләш апамыздың атындағы мұражайды аралап, оқушылармен кездесіп, олардың сұрақтарына жауап береді. Күләш апамыздың күйеубаласы, Қазақстанның Халық әртісі Базарғали Заманбаев – осы мектептің түлегі.

Ол кісі де мектебімізге келіп тұрады. Мектебіміздегі Күләш Байсейітова атындағы мұражайда Мемлекеттік қордан алынған суреттерімен қатар, өзінің айтуында жазып алынған әндеріне дейін сақталған.

– Осы мектеп-интернатты бітірген, өнер әлемінде биіктерді бағындырған түлектеріңіз жайында айтып өтсеңіз.

– 1957 жылдан бері қарай халықаралық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған, биіктерді бағындырған түлектеріміз өте көп. Олардың қатарында КСРО Халық әртісі, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиев, композиторлар Куаг Шілдебаев, Кенес Дүйсекеев, Балнұр Қыдырбек, ҚР Халық әртісі Айман Мұсаходжаева, Гауһар Мұрзабекова, халықаралық байқаулардың лауреаты Марат Бисенғалиев, Жәмила Серкебаева, әншілер Мейрамбек Бесбаев, Айдос Сағатов т.б. бар. Мектебіміздің 60



К. Байсейітова атындағы мектеп-интернат алдындағы әншінің ескерткіші. Мүсіншісі Т. Бинашев

жылдығына арнап шығарылған кітапта әр жылы бітірген түлектердің тізімі берілген.

Сұхбаттасқан Дарын СЕКЕР